"Қармақшы аудандық қоғамдық даму бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұйымдастырылған №83683883-ГСЗ1 санды конкурс комиссиясына

Өнім беруші: "Қармақшы Жастары" ЖҚБ
БСН/БИН: 050240014431

ШАҒЫМ!

"Қармақшы аудандық қоғамдық даму бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұйымдастырылған **№83683883-ГСЗ1** «Қоғамдық-саяси іс-шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өткізілген конкурстың Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығына сәйкес, өлшемшарттарды дұрыс есептемеуіне байланысты комиссия мүшелерінің қорытынды хаттамасымен келіспейміз.

Осы ретте, ***Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 21-қосымша Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттары сәйкес***

Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның келесі бөлімдерді қоса алғанда, Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі:

Мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негізделген);
Жобаның мақсаттары мен міндеттері;
Жобаны іске асыру әдістері;
Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары (іс-шаралардың атауы мен нысандары, өткізу орны мен мерзімдері);
Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу;
Күтілетін нәтижелер (жобаны іске асыру процесінде қол жеткізілетін оң өзгерістер, әлеуметтік әсер);
Сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс индикаторларының, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелердің болуы – талаптары толық орындалып жазылған, алайда комиссия мүшелері негізсіз – 0 балл беріп конкурсқа жібермеген, бізге тиісті **– 6 балл берілуі қажет.**

Осыған орай, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы** Кодексінің 207-бабына сәйкес, шара қолданылсын және тиісті өлшемшарттармен бағалап, қорытынды хаттаманы қайта рәсімделуін талап етеміз. Бағалау әділетті, заңға сәйкес орындалмаған жағдайда, құзырлы органдарға қосымша жүгінетімізді хабарлаймыз.

Ескерту: *Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 22-бап, 2 бөлік, 2) тармақшасына, 73-бап, 1-бөлігіне сәйкес әкімшілік іс бойынша алдын-ала өз ұстанымызды білдіру үшін тыңдау рәсімін өткізуді талап етеміз?!*



"Қармақшы Жастары" ЖҚБ төрағасы **Д.Жиенкужаев**